



Сыр бойы

25 маусым, сейсенбі 2024 жыл

№97 (20771)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дағыстандағы православиe шіркеуі мен синагогаға лаңкестік әрекеттер жасалып, соның салдарынан дін және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қаза болуына байланысты Ресей Президенті Владимир Путинге көңіл айтты.

Қазақстан Президенті құқық қорғау жүйесі арқылы жедел-іздістру шараларын жүргізуде көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы адамзатқа қарсы жасалған мұндай әрекетті үзілді-кесілді айыптайды, сондай-ақ, БҰҰ, ШЫҰ және басқа да беделді халықаралық ұйымдар аясында лаңкестікпен күресу үшін көпжақты ынтымақтастықты дамытуды қолдайды.

Айта кетейік, кеше Дағыстанда белгісіз біреулер православ шіркеуі мен синагогаға шабуыл жасағанын хабарлаған болатынбыз.

/// НАЗАР

Өңір дамуында өзгеше маңызға ие нысандар

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАДАҒАЛАУ КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралап, алдымен «Қорқыт ата әуежайына» кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмысымен танысты. Мердігер «Қыран» ЖШС ұзындығы 13,5 шақырым, ені 14 метрлік жолды бір жылда салып бітіруді жоспарлаған. Төрт қабатты жол жабындысы төселген соң, жарықшамдар мен аялдамалар орнатылады. Құрылыстың сапалы жүргізіліп, мерзімінде пайдалануға берілуін тапсырған аймақ басшысы бұл жолдың халықаралық стандартқа сай жаңарған әуежайға лайықты болуын басты назарда ұстауды ескертті.

Сонымен қатар, облыс әкімі Рәмизлер алаңы аумағындағы жол жөндеу барысымен де



танысып, барлық талаптың сақталуын тапсырды.

Нұрлыбек Машбекұлы «Жан Арай» ЖШС агроиндустриялық кешенінің жұмысын көрді. Аталған кешен күріш өндірісімен, күріш жармасын халықаралық стандарттар бойын-

ша өңдеумен, түйіршіктелген жем өндірумен айналысады. Мекеменің жем зауытының қуаттылығы – тәулігіне 80 тонна, күріш өңдеу зауытының қуаттылығы – тәулігіне 150 тонна, 1500 тонналық жеміс сақтау қоймасы, сыйымдылығы

1120 тонна тоназытқыш бар. Ет өңдеу және жем зауытында 200 адам жұмыс істейді.

Облыс әкімі «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытындағы жаңа желінің жұмысымен де танысты. Өткен жылдың шілдесі айында Қытай Халық Республика-

сына жасаған іссапары кезінде аймақ басшысы қытайлық ірі компания өкілдерімен кездесу өткізіп, нақты бастамалар қолға алынған болатын. Өңірде шыны кластерін дамыту үшін зауыт жанынан шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құру, жаңа өндірістер ашу маңызды. Осы ретте «Чайна Гласс» холдингі басшылығымен жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі жобасын жүзеге асыру келісіліп, меморандумға қол қойылды.

Осылайша биылғы маусым айында жалпы құны 6,7 млрд теңгені құрайтын жаңа желі іске қосылды. Энергия үнемдейтін шынының ерекшелігі – суық кезде жылу сақтайды, жазда күн радиациясынан қорғайды және жылуы 20% үнемдейді.

Өнеркәсіп саласының дамуына серпін берген шыны зауыты 2022 жылдың қазан айында шетелдік инвестордың қатысуымен іске қосылған. Қажетті шикізат шетелден, әсіресе Ресейден, Өзбекстаннан тасымалдануда. Зауыт іске қосылғалы бері 27,3 млрд теңгенің 20,8 млн шаршы метр шыны өнімін өндірді.

2-бет

/// МЕЗГІЛ МІНБЕРІ

Жалпы аймақта 1-10 сынып аралығында 173859 оқушы бар. Олардың 98 пайызын жазғы тынығу және еңбекпен қамту жоспарланған. Жазғы демалысты ұйымдастыруға 2518 педагог, 38 белсенді студент пен 23 ерікті жұмылдырылған. Айталық, биыл мемлекеттік 7 лагерь мен орталықтар және «Зерентай» жеке лагерьі қызмет көрсетеді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЖАЙЛЫ БОЛСЫН ДЕП...

Бүгінде осы аталған 8 лагерьде 1922 бала демалуда. Бұдан бөлек, орта мектептер жанынан жасалған күндізгі лагерьде балалар демалыспен қамтылған. Жазғы тынығу кезінде оқушылар еңбек жасақтары, туристік серуен, үйірмелер, спорттық-зияткерлік сияқты сайыстарға қатыстырылады.

«Жазғы мезгілдегі балалардың қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бектұр Қали, облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы Рауан Әлешов, облыстық ТЖД бастығының орынбасары Жасұлан Түйменов осы бағытта атқарылған жұмыстар жайын баяндады.

– Балалардың жазғы тынығуына лайықты жағдай жасау үшін білім басқармасы барлық сыртқы тынығу лагерьлеріне зерделу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ басқарма жанынан жұмысшы тобы құрылып, лагерь қызметкерлеріне көшпелі семинар ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, «Бала-

ларды сауықтыру ұйымдарында балалардың қауіпсіз демалысын, тамақтануын, медициналық көмек пен сауықтыру шараларын ұйымдастыру» тақырыбында өткен облыстық семинарда жауапты сала өкілдерімен бірлесе нақты іс-шаралар қабылданды.

Бүгінде облыстағы 8 сыртқы тынығу лагерьі мен орталықтар санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен қорытынды актісін алған. Дегенмен лагерьлерде төтенше жағдайлар департаменті тарапынан өрт оқиғаларының алдын алып, суда жүзу қауіпсіздігін сақтауға байланысты профилактикалық іс-шаралар апта сайын тұрақты жүргізілуде. Осыған байланысты барлық мектеп директорлары мен тәрбие жөніндегі орынбасарларының қатысуымен оқушыларға тиісті ережелер түсіндірілді. Сонымен қатар, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тарапынан тамақтанудан уланудың алдын алу, санитариялық жағдайдың сақталуы бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

2-бет

/// ӨРКЕН

ҚАРМАҚШЫ: 100 ОТБАСЫ БАСПАНА ИЕЛЕНЕДІ

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып, халықтың баспанамен қамтылу деңгейінде ілгерілеу бар. Бұл – облыс орталығына ғана емес, аудандарға да тән тенденция. Қармақшы ауданына сапар барысында бұған тағы көз жеткіздік. Мұнда әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арнап арнайы бағдарлама жүзеге асуда. Нәтижесінде жыл сайын үй көзегіне тұрған азаматтар саны азайып, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артуда. Реті келгенде баспанамен қамтудың «қармақшылық моделін» талдап, ауданның алдағы жоспарын саралау орынды.



Қызығы, Қармақшы ауданында мемлекет тарапынан салынып жатқан тұрғын үй жоқ. Тіпті соңғы рет қай жылы баспана құрылысы жүргізілгені белгісіз. Осы орайда «Сонда аймақ баспана мәселесін қалай шешіп отыр?» деген заңды сауал туындайтыны анық. Жауабы кәсіпкер мен білік байланысында жатыр. Нақтырақ айтсақ, әкімдік кәсіпкерлерге жеке қаражаты есебінен тұрғын үй салуға ұсыныс жасайды. Кейін баспана дайын болған соң Үкімет ол үйді кәсіпкерден сатып алады. Әрине, ақылға қонымды нарық бағасымен. Кейінгі қадам түсінікті. Кәсіпкерден ақысын беріп алған баспананы үй кезегінде тұрғындарға үлестіреді.

Мұнда да талап-ереже, жауапкер-

шілігі бар. Себебі қаржы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде бөлінеді. Олай дейтіміз, тұрғын үйлер «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде сатып алынады. Қаржы да сол бағдарлама арқылы келмек. Жобаның «Тұрғын үй саласындағы іс-шараларды іске асыру» тармағы аталған бастаманы іске асыруға құқықтық және қаржылық мүмкіндік беруде. Мәселен, өткен жылы бағдарлама аясында Ұлттық қордан Қармақшы ауданына 480 млн теңге қаржы бөлінген. Оған халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасыларға 50 тұрғын үй сатып алынды. Міне, дәстүрге айналған бастама биыл да жалғаспақ.

2-бет

/// ТУРНИР

«ҚАРЕКЕТ» КОМАНДАСЫ – КУБОК ИЕГЕРІ

«Евразия» спорт кешенінде Қызылорда облысы әкімінің кубогі үшін шағын футболдан бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында республикалық турнир өтті.


4-бет



БАСПАСӨЗ – 2024

**2024 ЖЫЛДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

**«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін:
6 айға – 5000 теңге**



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Қызылорда қаласы №106 19 маусым 2024 жыл
«2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
«1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бөктілісі:
1) кірістер – 598 610 050,4 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 31 679 820,9 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 269 911 294,3 мың теңге; негізгі қанталада сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 533 997 592,1 мың теңге;
2) шығындар – 603 744 973,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттер – 31 679 820,9 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 44 320 382,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер өтеу – 12 640 561,1 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 083 175,1 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 2 083 175,1 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профицит) – -38 897 919,3 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – -38 897 919,3 мың теңге.»
атадан шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М. Тәубетов
Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы «19» маусымдағы №106 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «13» желтоқсандағы №63 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Table with columns: Санаты, Сынабы, Ішкі сынабы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories like 'Кірістер', 'Салықтық түсімдер', 'Табия салығы', etc., with their respective amounts.

Table with columns: Санаты, Сынабы, Ішкі сынабы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories like 'Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар', 'Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою', etc., with their respective amounts.

Table with columns: Санаты, Сынабы, Ішкі сынабы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories like 'Еңбек мобилділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмысын қамту мәселелері', 'Семіе бiлiрiген ағарту жастарын кәсiпкерлiк бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөнiндегi қызметтерiне ақы төлеу', etc., with their respective amounts.

Table with columns: Санаты, Сынабы, Ішкі сынабы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories like 'Ғылыми-техникалық (органикалықтарды қоспағанда) ауаны субсидиялау', 'Инвестициялар салығын жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу', 'Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтануы шеңберінде субсидиялау', etc., with their respective amounts.



«ҚАРЕКЕТ» КОМАНДАСЫ – КУБОК ИЕГЕРІ

Жарысқа еліміздің әр аймағынан командалар қатысты. Атап айтқанда, Талдықорған, Шымкент қалалары мен Түркістан, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан 8 команда бақ сынасты.

Тартысты ойын көрсеткен «Қарекет», «Ақпарат», «Ақмешіт» және «Қаламгер» командалары жартылай финалға шықты. Нәтижесінде «Қарекет» командасы Қызылорда облысы әкімінің кубогі үшін өткен республикалық турнирдің чемпионы атанды. Талдықорғандық команда облыс әкімінің арнайы кубогімен, медальмен және 1000000 теңге қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Екінші орын алған атыраулық «Ақпарат» командасына 700 мың, қола жүлдегері

1-бет.

атанған қызылордалық «Ақмешіт» командасына 500 мың теңге, «Қаламгер» командасына 150 мың теңге ынтылдандыру сыйлығы табысты.

Одан бөлек, «Үздік шабуылшы», «Үздік қақпашы» және «Үздік ойыншы» номинациялары бойынша озық ойын көрсеткен қатысушыларға арнайы кубоктар және қаржылай жүлделер тапсырылды.

Еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ге жуық БАҚ өкілдерінің басын қосқан турнирге қатысушылар қонақжай Сыр жұртылығына ризашылық білдірді.

Айта кетейік, шараның басты мақсаты – БАҚ қызметкерлері арасында әріптестік және достық қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту.

/// ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ

ДОП ДОДАСЫ ҚЫЗА ТҮСТІ

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионатының топтық кезеңі дәл ортасынан ауды. Қазір құрамалар үшінші тур ойындарын бастап кетті.

23 маусымда А тобындағы Швейцария мен Германия арасындағы матч тартысты өтті. «Немис машинасы» өз жерінде барын салатыны анық.

Десе де бұл ойында Швейцария тегеурінді қарсылық көрсетті. Тіпті алғашқы голды швейцариялық футболшылар соғып кетті. 28-минутта Дан Ндой көздеген нысанадан мұлт кеткен жоқ. Ойынның 92-минутында германиялық Никлас Фюльди-Круг таразы басын теңестірді. Осылайша құрамалар 1:1 есебіне қанағат білдірді.

Осы топтағы тағы бір кездесуде Шотландия мен Венгрия шеберлік байқасты.

Жалпы Шотландия құрамасы әлі де плей-офф сатысына шығудан үміт үзе қойған жоқ. Ол үшін осы кездесуде жеңіске жету маңызды еді. Алайда венгриялық Кевин Чобот 99-минутта жеңіс голын соғып кетті.

Алғашқы турда Германия Шотландияны 5:1, Швейцария Венгрияны 3:1 есебімен жеңді. Екінші турда Германия Венгрияны 2:0 есебімен тізе бүктірсе, Шотландия мен Швейцария 1:1 есебімен тең ойнады. Бұл топта Германия бірінші, Швейцария екінші орын алып, плей-офф сатысына шықты.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж) 2024 жылдың 21 мамырында қайтыс болған азамат Оспанов Сайдилла Садуақасовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел: 8 778 235 08 08, 8 777 067 9237.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж) 2024 жылдың 16 ақпанында қайтыс болған азаматша Қуажанарова Аманшын атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел: 8 778 235 08 08, 8 777 067 9237.

САУМАЛ ІШІП САУЫҚҚАН

Ұлттық сусын түрлерін қазақ тек шөл басу үшін емес, емдік мақсатта да қолдануды өу бастан білген. Соның ішінде саумал 40 түрлі дертке шипа. Ғалымдардың пайымынша, ол минерал мен дәруменге бай. Құрамында 80-ге жуық биологиялық белсенді қоспа кездеседі. Саумал метаболизмді қалыпқа келтіруге, суық тию мен тұмаудың алдын алуға, қатерлі ісік ауруларын емдеуге көмектеседі. Имундық жүйенің қызметін, қан айналымын жақсартады.

Фото: Аманжол



Осындай қасиетін біліп, пайдасына көз жеткізгендердің бірі – жалағаштық Тоғжан Құдайбергенова. Дәрігерлердің өзі «енді емделмейді» деген аты жаман ауруды табиғи өнім, таза ауаның арқасында жеңгенін естігенде таңалды. Бірақ шындығы сол.

– Үш жыл бұрын қатерлі дертке шалдықтым. Оның алдында кондиционерлік бизнесім болған еді. Төрт пісірдім. Бірақ аурудан бас көтере алмағанын көсібімді үзуге тура келді. Өйткені бұл өмір мен өлімнің мәселесі еді. Екі ай химиотерапиямен емдегесін дәрігерлер үміт үзіп, үйге қайтарды. Мен сонда да өмірге құштарлығымды жоғалтқаным жоқ. Жаман ойға берілмей, «бала-шағамды жетілдірімі керек» деп өзімді-өзім жігерлендірдім. Ауылда шұбат, саумал іштім. Жанға жайлы таза ауа да көмектесті. Денсаулығым ақырындап қалыпқа келе бастады, – дейді кейіпкеріміз.

Ауруынан айыққан ол қазіргі күні бала-шағасының ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Үй шаруасын ұршықша ніріп, мыңғырған малдың да бабын жасап жүр. Еңбексүйгіш отбасының қарамағында екі үйір жылқы, он бес шақты түйе, он шақты сиыр, көптеген қой-ешкі бар.

Дәрігерлердің өзі кейіпкеріміздің денсаулық жағдайына таңырқай қарап, өзгерге мотивация болсын деген оймен әлеуметтік желіде паракша жүргізіп ұсыныпты. Ұсынысты құп алып, емнің құпиясын бөлісіп

жүріп, қаралымды көбейтті. Бүгінде оны ауылдастары мен жүз мыңнан астам оқырманы «блогер келін» есімімен жақсы таниды. Сөзіміздің басында айтқанымыздай, Тоғжан Құдайбергенованың екінші тынысын ашқан – ірі малдың сүті.

Осыған ұқсас жағдай қызылордалық Мехрибан Бақтиярқызының әулетінің де басынан өтті.

– 2016 жылы әкем қазақ «қылтамақ» дейтін аты жаман ауруға шалдықты. Ота жасап,

ғұмыр кешті. Тек соңғы үш айда ауруы жанына батып, екі жыл бұрын дүниеден қайтты, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің бие сауатынын біліп, «маған да саумал керек еді» деушілер біртіндеп көбейген. Соған сай қорда мал басын арттыруға тура келді. Бүгінде бұл үйден тұтынушы қарасы үзілмейтін болған. Олар – негізінен қант диабеті, асқазан, ішек, сүйек аурулары мазалаған, қан қысымы, аллергиясы бар адамдар.

”

Саумал – жаңа сауылған бие сүті. Технологияның озық жетістіктерін пайдаланып, оны түрлендіріп шығару ешкімнің дауы жоқ. Тіпті, құрғатылған түрі Еуропада ерекше сұранысқа ие екен. Тек құрғақ сөз, жылтыраған жарнамаға сеніп, арандап қалмасақ болды.

тыныс алу органын алдырып тастады. Бір ай бойы ауруханада жатты. Дәрігерлер «өмір жасын ұзарталды» деп саумал ішуді ұсынды. Алғашқыда саумалды сатып алып беретінбіз. Содан кейін ауылдан бір бие алдырып, күнде соны сауатын болдық. Одан кейін химиотерапия, сәулелі терапия алудан әкем өзі біржола бас тартты. Саумалмен қатар табиғи сүт, шұбат, қымыз ішуге көшті. Жылқының еті, қырғауыл сорпасы, балық, сары май сияқты табиғи тағам ғана тұтынды. Соның арқасында ауырғаннан кейін алты жыл

– Күніне 10 шақты литр саумал шығады. 13-15 шақты адам келіп немесе алдырып ішеді. Литрі мың теңгеден. Саумалды қандай ауру түрі үшін де ең кемі қырық күн ішу керек. Асқазан дертіне шалдыққан науқастарға күніне бір саптыаяқтан артық ішуге болмайды. Қатерлі ісікке шалдыққандар көп келеді, – дейді Мехрибан Бақтиярқызы.

Ол қорда тұрғаннан гөрі далада қалғаны биенің саумалын ішкен дұрыс деп есептейді. Бірақ қалада мал жаятын мүмкіндік жоғын ескерген жөн.

– Биенің сүті ана сүтімен

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

КІТАП ҚОРЫНА ҚОСЫЛҒАН ҚАЗЫНА



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоры жазушы, теледраматург, тележүргізуші Сұлтан Оразалының жеті томдық шығармалар жинағымен толықты.

Жеті томдықтың I томына көркем хикаялар мен эсселер топтастырылған. «Тұлғалар туралы толғаныс» атты екінші бөлімінде

әдебиетіміздің алыптары М.Әуезов, С.Мұқанов, F.Мүсірепов, F.Мұстафин, Q.Аманжол, I.Есенберлин, Ш.Айтматов, т.б. туралы көркем эсселер берілген. Кітаптың соңында белгілі ғалымдар З.Ахметов, М.Жолдасбеков, З.Серікқалиевтің әр кезде жазылған мақалалары С.Оразалының шығармашылығына кең талдау жасайды.

Шығармалар жинағының II томына «Шындық және көркемдік ішкі» атты монография енген. Бұл еңбекте көрнекті жазушы Ғабдол Слановтың шығармалары жан-жақты талданып, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі сараланған. Сонымен қоса кітапқа шығармаларын орыс тілінде жазған көрнекті башқұрт жазушысы Ахияр Хакимовтың «Костерек» романы Сұлтан Оразалының аудармасымен берілген. Соңында бірнеше көрнекті жазушылар мен ғалымдардың С.Оразалы туралы мақалалары топтастырылған.

III, IV томдарына замандастары туралы әр кезде жарық көрген эсселері жинақталған.

Кітаптың «Өнер өрісі» бөлімінде автордың мәдениет пен өнердің өзекті мәселелерін көрген, әр жылдары жарық көрген мақалалары топтастырылған.

V томына орыс тілінде жазылып, түрлі газет-журналдарда басылған тіл туралы мақалалары енген. Сонымен қоса кітапқа көрнекті орыс жазушысы әрі баспагері В.Еремконың «Күткен тан» повесінің қазақша аудармасы берілген.

VI томына телевизия туралы мақалалары, сұхбаттары, телефесалары мен телеценарийлері топтастырылған.

Шығармалар жинағының VII томына «Қазақ зиялылары туралы антологиясы» сериясымен түсірілген бір топ деректі фильмдерінің сценарийлері топтастырылған. Сонымен қоса кітапқа башқұрт жазушысы Ахияр Хакимовтың «Қилы кезең» атты тарихи романының аудармасы мен бір топ қазақ жазушыларының С.Оразалы туралы пікірлері берілген.

«СБ» ақпарат



Екі айдан бері тәжірибе жүргізуде

Қытайдың «Шэньчжоу-18» ғарыш кемесі ғарышта 2 айдан бері ғылыми тәжірибе жүргізіп жатыр.

Тяньгун орбиталық станциясы жұмыс барысындағы көріністі жария етті. Қытайдың үш ғарышкері 25 сәуірде 6 айлық миссияға аттанған еді.

Сапар мақсаты – микрогравитация, ғарыштық материалтану, ғарыштық медицина және технологиялар төңірегінде ақпарат жинау. Экипаж өкілдерінің айтуынша, 90-нан астам эксперимент жүргізу жоспарда бар.

Қуаныштық – ғаламдық проблема

Қызылшаны өсіру, күтіп-баптау, одан қант шығару оңай емес. Британиялық диқаннар 300 тонна қант қызылшасы кәуіп қалғанын айтады. Себебі – құрғақшылық.

Климаттың өзгеруі онысыз да тұралап тұрған кәсіпті одан сайын іске алғысыз етті. Жалпы әлемде қызылша алқаптары ғана емес, барлық жер ресурстарының 40%-ның тозығы жеткен.

Шөлейттену және құрғақшылықпен күресудің дүниежүзілік күнінде көп дерек айтылды. Қуаныштық – өте өзекті мәселе. Әлемде секунд сайын 4 футбол алаңына тең жер тозып, жылда 100 миллион гектар аумақ жарамсыз болып қалады екен.

Италия – Еуроодақтағы қарты көп ел

2030 жылға қарай әлемде алпысты алқымдаған қарт кісілердің саны 1 миллиард 400 миллионға жетеді.

Осылайша көрсеткіш жастар санынан асып түседі. Бұлай деп Біріккен Ұлттар Ұйымы мәлімдеді. Әсіресе көрі құрлық тұрғындары тез қартайып жатыр. «Бұл өмір сүру ұзақтығын артты және туу көрсеткішінің төмендеуімен байланысты» дейді сарапшылар.

Италия – Еуроодақтағы қарты көп ел. Мұнда жалпы халықтың 24%-ы – 65 жастан асқандар. Бұл өз кезегінде мемлекетке зейнетақы төлеу, денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз ету сияқты көп міндеттеме жүктейді.

Екі есе қымбаттаған

Түркияда мал бағасы бытырға қарағанда екі есе қымбаттады. Бұған жер-шөл құнының өсуі мен басқа да шаруашылық шығындардың артуы себеп.

Бір қарағанда бәрі әдеттегідей көрінгенімен, биыл төрт түліктің бағасы аспапанд тұр. Теңгеге шаққанда ірі қара малдың құны шамамен 1 млн мен 3,5 млн аралығында. Қой мен ешкі 110 мың мен 350 мың теңге шамасында саудаланып жатыр. Жыл сайын Құрбан айт кезінде мал базарға 2,5 миллион қой мен ешкі, 800 мыңға жуық ірі қара жеткізіледі екен.

Ақпарат көздерінен

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.